Республика Казахстан,
Актюбинская область,
г.Актобе, пр. Санкибай батыр, 167А

БИН:101240008283
ИИК KZ54601A121002468391
БИК: HSBKKZKX
Кбе 18

Шығыс № 47
06.05.2026 жыл

Ырғыз аудандық
ішкі саясат бөлімінің
конкурс комиссиясына

Шағым

«PROF CONTACT» қоғамдық бірлестігі Ырғыз аудандық ішкі саясат бөлімі жариялаған **16798937-ГС31** Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және отбасылық құндылықты дамыту бойынша шаралар ұйымдастыру отбасы құндылықтарын насихаттау және нығайту бойынша, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар бойынша конкурсқа қатысуға өтінім тапсырған болатын.

Аталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың **негізгі мақсаты** – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасы институтын нығайту, отбасылық құндылықтарды насихаттау, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және профилактикалық әрі ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу болып табылады.

I. Техникалық спецификацияның «Қызметтерді көрсету бойынша жалпы талаптар» бөлімінде әлеуетті өнім берушінің Жарғысында отбасы және/немесе гендерлік саясат саласындағы қызмет түрлері көзделуі және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар туралы» Заңының 5-бабына сәйкес келуі тиіс екендігі көрсетілген.

«PROF CONTACT» ҚБ Жарғысының **3.2 тармағына** сәйкес, ұйым қызметінің негізгі мақсаттарына азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, азаматтардың рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталған қызметті жүзеге асыру жатады.

Сонымен қатар, Жарғының **3.3 бөлімінде** әлеуметтік қолдау көрсету, профилактикалық және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, қоғамдық маңызы бар әлеуметтік жобаларды іске асыру көзделген.

Бұдан бөлек, Жарғының **3.3 бөлімінің 13-тармағында** Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әлеуметтік маңызы бар салалар бойынша қызметті жүзеге асыру құқығы тікелей бекітілген.

Сонымен қатар, «PROF CONTACT» ҚБ Жарғысының **3.4 бөлімінде** ұйымның ұйымдастыру қызметі шеңберінде ақпараттық-пікірталас іс-шараларын, дөңгелек үстелдерді, конференцияларды, қоғамдық тыңдауларды, мәдени-танымдық және ақпараттық іс-шараларды, семинарларды, тренингтерді, дәрістерді, вебинарларды, бейнесабақтарды, акцияларды және өзге де ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын ұйымдастыру көзделген.

Ал №16798937-ГС31 лотының техникалық спецификациясында дөңгелек үстелдер өткізу, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, халықты ақпараттық қамту, бейнеролик әзірлеу, әлеуметтік желілерде жарияланымдар орналастыру және профилактикалық іс-шаралар өткізу тікелей талап етілген.

Бұдан бөлек, «PROF CONTACT» ҚБ Жарғысының **3.7 бөлімінде** тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік, құқықтық, психологиялық және өзге де көмек ұйымдастыру қызметі тікелей көзделген.

Аталған норма №16798937-ГС31 лотының техникалық спецификациясында көзделген тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру, консультациялық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету және профилактикалық жұмыстар жүргізу міндеттерімен тікелей сәйкес келеді.

Яғни, ұйым Жарғысында тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне қатысты қызмет бағыттары нақты және тікелей көрсетілгеніне қарамастан, конкурс комиссиясы бұл мән-жайды ескермеген.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасы құндылықтарын нығайту, құқықтық сауаттылықты арттыру және гендерлік теңдікті ілгерілету қоғам үшін әлеуметтік маңызы бар бағыттардың бірі болып табылады.

Демек, аталған лоттың мақсаты ұйым Жарғысында көзделген әлеуметтік профилактика, құқықтық түсіндіру, әлеуметтік қолдау және қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыру бағыттарымен тікелей сәйкес келеді.

Соған қарамастан, конкурс комиссиясы ұйым Жарғысына толық әрі объективті құқықтық талдау жүргізбестен, нақты қандай жарғылық мақсаттардың сәйкес келмейтінін көрсетпей, ұйымды конкурсқа қатыстырудан негізсіз шеттеткен.

Комиссия шешімінде Жарғының қандай нормалары зерттелгені, қандай нақты қызмет бағыттарының сәйкес келмейтіні және қандай құқықтық негізде мұндай қорытындыға келгені көрсетілмеген.

Бұл өз кезегінде конкурс комиссиясының шешімі формалды және субъективті сипатта қабылданғанын көрсетеді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы қолданыстағы заңнама ұйым Жарғысында конкурс атауымен **сөзбе-сөз бірдей тұжырымдардың болуын талап етпейді**. Маңыздысы – ұйым қызметінің бағыттары мен конкурс мақсатының мазмұндық және функционалдық сәйкестігі.

II. Сонымен қатар, конкурс комиссиясы «**Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса – тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі**» критерийі бойынша да ұйымға негізсіз төмен балл қойған.

Конкурстық құжаттаманың №21 қосымшасына сәйкес, тиісті аймақта әлеуметтік жобаларды **5 жылдан астам** іске асыру тәжірибесі бар әлеуетті өнім берушіге **6 балл** берілуі тиіс.

«PROF CONTACT» ҚБ-ның Ақтөбе облысы аумағында 2011–2017 және 2023–2025 жылдар аралығында әлеуметтік жобаларды іске асыру тәжірибесі бар және бұл тәжірибе конкурсқа ұсынылған растайтын құжаттармен толық көлемде дәлелденген.

Алайда конкурс комиссиясы ұйымның өңірлік тәжірибесін толық есепке алмай, негізсіз түрде тек **2 балл** қойған.

Бұдан бөлек, конкурс комиссиясы **«тиісті аймақ»** ұғымын қолданыстағы заңнама талаптарына қайшы тар мағынада түсіндірген.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 2-бабына сәйкес, облыс Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі болып табылады және оның құрамына аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар кіреді.

Осыған сәйкес, Ақтөбе облысының әртүрлі аудандарында іске асырылған әлеуметтік жобалар бір өңір – **Ақтөбе облысы аумағындағы тәжірибе ретінде заңды түрде есепке алынуға тиіс.**

Соған қарамастан, конкурс комиссиясы ұйымның Ақтөбе облысы аумағында іске асырған әлеуметтік жобаларын толық көлемде бағаламаған немесе негізсіз түрде есепке алмаған.

Сонымен қатар, конкурс құжаттамасы мен бағалау критерийлерінде тәжірибенің «үздіксіз» болуы туралы талап көзделмегеніне қарамастан, конкурс комиссиясы ұйым тәжірибесін субъективті түрде бағалап, заңнамада және конкурс құжаттамасында көзделмеген талаптарды қолданған.

Бұл өз кезегінде конкурс комиссиясының:

– конкурс құжаттамасының талаптарын дұрыс қолданбағанын;

– бағалау критерийлерін еркін әрі кеңейтілген түрде түсіндіргенін;

– объективтілік және тең бағалау қағидаттарын бұзғанын;

– әлеуетті өнім берушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін шектегенін көрсетеді.

Сәйкесінше, конкурс комиссиясының аталған критерий бойынша қойған балдары нақты ұсынылған құжаттарға, конкурс құжаттамасына және қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келмейді деп есептейміз.

Осыған байланысты, конкурс комиссиясынан «PROF CONTACT» ҚБ-ның өңірлік тәжірибесін қайта қарап, ұсынылған растайтын құжаттарға сәйкес аталған критерий бойынша тиісті **6 балл қоюды сұраймыз.**

Осы баяндалғандардың негізінде, конкурс комиссиясының №16798937-ГСЗ1 «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және отбасылық құндылықтарды дамыту бойынша шаралар ұйымдастыру» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша «PROF CONTACT» ҚБ-ны конкурсқа қатыстырудан шеттету туралы шешімі объективтілік, ашықтық, тең бәсекелестік және әлеуетті өнім берушілердің құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету қағидаттарына сәйкес келмейді деп есептейміз.

Конкурс комиссиясы ұйым Жарғысына толыққанды құқықтық талдау жүргізбеген, ұсынылған құжаттарды жан-жақты бағаламаған және конкурс құжаттамасында көзделген бағалау критерийлерін дұрыс қолданбаған.

Сонымен қатар, конкурс комиссиясы «Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса – тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі» критерийі бойынша ұйымның өңірлік тәжірибесін толық көлемде бағаламаған және конкурс құжаттамасында көзделген талаптарға сәйкес келетін балл қоймаған.

Осыған байланысты:

- №16798937-ГСЗ1 мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша «PROF CONTACT» ҚБ-ны **конкурсқа қатысушылар қатарына қосуды;**
- «Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса – тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі» критерийі бойынша қойылған балдарды қайта қарап, конкурс құжаттамасына және ұсынылған растайтын құжаттарға сәйкес тиісті **6 балл қоюды;**
- Жоғарыда көрсетілген мән-жайларды ескере отырып, аталған лот бойынша конкурс нәтижелерін қайта қарауды және **қорытынды хаттаманы қайта шығаруды талап етеміз.**

Сонымен қатар, аталған бұзушылықтар жойылмаған жағдайда және ұйымның заңды құқықтары мен мүдделері қалпына келтірілмеген жағдайда, «PROF CONTACT» ҚБ өз құқықтарын қорғау мақсатында уәкілетті органдарға, ішкі мемлекеттік аудит органдарына және сот тәртібімен жүгінуге мәжбүр болатынын хабарлаймыз.

Бұл ретте, конкурс комиссиясының әрекеттеріне және қабылданған шешімдерінің заңдылығына құқықтық баға беру туралы мәселе де қойылатын болады.

Құрметпен,
«PROF CONTACT» ҚБ төрайымы **Мурзагереева Г.С**

Қазақстан Республикасы Ақтөбе қаласы Қоғамдық бірлестігі БСН 101240008283 БИН PROF CONTACT Общественное объединение город Актобе Республика Казахстан

Орындаған Асанұлы Ж.
Тел. 8 747 583 97 36